

Білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған «Пікірсайыс өнері – шешендік шеберлік пен сыни ойлауды дамыту тәсілі» біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасы

1-бөлім. Жалпы ережелер

1. Білім беру ұйымдарының педагогтері үшін «Пікірсайыс өнері – шешендік шеберлік пен сыни ойлауды дамыту тәсілі» біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында пікірсайыс қозғалысын дамытуға қатысты мәселелер шеңберін қамтиды, педагогтер мен бейіні бойынша мамандардың теориялық және практикалық білімдерін, қабілеттерін жаңартуды және кәсіби дағдыларын одан әрі жетілдіруді көздейді, және оларға әдістемелік көмек көрсетуді қарастырады.

2. Бағдарлама Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК педагогтердің кәсіби даму қажеттіліктерін талдау негізінде әзірленді.

3. Бағдарлама білім алушылар арасында пікірсайыс қозғалысын дамытумен айналысатын білім беру ұйымдары педагогтерінің кәсіби және педагогикалық шеберлігін жетілдіруге бағытталған.

4. Бағдарлама өзекті, себебі білім алушылар арасында пікірсайыс қозғалысын дамыту саласындағы мемлекеттік басымдықтарға сәйкес келеді және балалардың әлеуметтенуі мен өзін-өзі дамытуын, өскелең ұрпақты қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеуді, сыни ойлауды дамытуды, логиканы және мәселелерді жүйелі түрде көруді, өз іс-әрекеттері үшін жауапкершілік сезімін қалыптастыру қабілетін ескереді.

5. Бағдарлама пікірсайысты дамытудағы әлемдік трендтерді ескереді, риторика, мәдени және іскерлік қарым-қатынас, дау мен пікірсайыс жүргізудің заманауи әдістері туралы білім береді. Білім берудегі әлемдік трендтердің бірі - сыни ойлау сияқты когнитивтік дағдыларды дамыту. Бұл ХХІ ғасырда сыни ойлау қабілеті табысты өмір сүрудің негізгі дағдыларының бірі болып табылатынына байланысты.

2-бөлім. Глоссарий

6. Бағдарламада қолданылатын ұғымдар:

1) дебат – тараптардың (әдетте екі) біреуді бір нәрсеге сендіру міндетін қоятын дәлелді дауы;

2) кейс – бұл нақты фактілер мен дәлелдерге негізделген шешімді қажет ететін мәселелік жағдайдың сипаттамасы;

3) аргумент – бұл тұжырым, оның көмегімен адам белгілі бір ұстанымды

басқа адамды оның ақиқатына сендіру үшін негіздейді;

4) спикер – жеребе бойынша түскен позицияны қорғайтын қатысушы;

5) стратегия – команданың айналымда жеңіске жетуге бағытталған дәлелдеу және теріске шығару бөлігіндегі жоспары;

6) әдістеме – ғылыми қызметті ұйымдастырудың принциптері мен тәсілдерінің жүйесі, сондай-ақ осы принциптер туралы ілім, бұл құрылым, логикалық ұйымдастыру, қызмет әдістері мен құралдары туралы ілім;

7) интерпретация – дебат алаңында екі тарап үшін де ауқымды талдау үшін тақырыптың әділ түсіндірмесі;

8) қарар – дебаттардағы пікірталас мәселелерінің негізгі тақырыптары;

9) фактчекинг – ақпараттың дұрыстығын тексеру, дұрыс, қажетті және дәл ақпаратты іздеу.

10) фрейминг – бұл мәселені анықтауға және талқылауды тиімді ету үшін оны дұрыс ұсынуға көмектесетін байланыс түрі.

3-бөлім. Бағдарламаның тақырыптары

7. Бағдарламаның мазмұны 4 (төрт) негізгі модульден құралады:

1) нормативтік құқықтық;

2) психологиялық-педагогикалық;

3) теориялық-технологиялық;

4) практикаға бағдарланған.

8. Нормативтік құқықтық модуль білім беру ұйымдарының қызметтерін реттейтін заңнамалық және нормативтік құқықтық негіздерін ашады.

Модуль тақырыбы: білім беру ұйымдарының қызметтерін реттейтін заңнамалық және нормативтік құқықтық негіздері.

9. Психологиялық-педагогикалық модуль балалар мен жастарды тәрбиелеудің психологиялық-педагогикалық аспектілері туралы білімді жетілдіру, жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқушының жеке басын дамыту, тұлғааралық қарым-қатынас мәселелерін және тұлғааралық кикілжіндерді жеңуді қарастырады, қарсыластардың айла-амалдарына қарсы тұруға және өз көзқарасын дұрыс түсіндіруге үйретеді.

Модуль тақырыптары:

1) қазіргі жастардың әлеуметтік және психологиялық дамуының ерекшеліктері;

2) өз пікірін қорғау, манипуляцияларға қарсы тұру және басқаларды сендіру мүмкіндігі.

10. Теориялық-технологиялық модуль педагогтерді дебат форматтарымен және олардың ерекшеліктерімен таныстырады, сондай-ақ талдау арқылы білім алушыларды дебат турнирлеріне дайындау үшін ыңғайлы форматты таңдауға үйретеді.

Модуль тақырыптары:

1) пікірсайыс және өзін-өзі жетілдіру: мықты тұлға болу жолы;
 2) пікірсайыс ережелері. Пікірталастың негізгі форматтары. Спикерлердің рөлдері;

3) пікірталас арқылы мұғалімдердің коммуникативті құзыреттілігін қалыптастырудың эксперименттік моделін жүзеге асыру.

11. Практикаға бағдарланған модуль қарым-қатынас пен тұлғааралық қарым-қатынас дағдыларын жетілдіруге, өз пікірін қорғауға, өз көзқарасын дәлелдеуге және басқалардың айла-амалдарына қарсы тұруға көмектеседі.

Модуль тақырыптары:

1) пікірсайыс өнері: қарарлар және олардың түрлері;
 2) кейс структурасы;
 3) стратегиялық фрейминг: пікірсайыс шеңберін қалай тиімді орнатуға болады

4) аргументация стратегиясы;

5) контраргументация;

6) аналитик сөзі: ұтымды пікірсайыс үшін негізгі салыстырулары;

7) мини-пікірсайыс: берілген қарар бойынша ойын, талқылау;

8) көпшілік алдында сөйлеу техникалары, көпшілік алдында сөз сөйлеуге дайындық;

9) фактчекинг;

10) турнирге дайындық;

11) пікірсайыстағы төрешілік.

12. Бағдарламаның жаңалық дәрежесі шешендік шеберлікті және сын тұрғысынан ойлауды, коммуникативтік дағдыларды және қарым-қатынас мәдениетін дамыту тәсілі ретінде пікірталас өнерін оқытуға кешенді көзқарас, дәлелдің инновациялық әдістемелерін ықпалдастыру, талдау үшін өзекті әлемдік оқиғаларды пайдалану болып табылады, бұл көпшілік алдында сөз сөйлеу дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

4-бөлім. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

13. Бағдарламаның мақсаты: қоғамда орын алып отырған проблемаларды жария талқылау және талдау арқылы балаларға пікірталас өнерін үйрететін педагогтердің білімін жаңарту және кәсіби шеберлігін жетілдіру.

14. Бағдарламаның міндеттері:

1) білім алушыларда құқықтық мәдениетті, азаматтық белсенділікті, жауапкершілікті, шығармашылық және сыни ойлау, даулы жағдайларды дипломатиялық жолмен шешу қабілеттерін қалыптастыру құралы ретінде пікірсайыстың мәнімен тыңдаушыларды таныстыру;

2) білім алушыларды жаппай тарту, әрбір білім беру ұйымында пікірсайыс клубтарын құру үшін пікірсайыс қозғалысын танымал ету, қолдау және дамыту

жағдайында білім беру процесіне педагогикалық технология ретінде пікірсайыстарды енгізу;

3) білім алушылардың коммуникативтік құзыреттілігі мен сыни ойлауын дамыту құралы ретінде пікірсайыстың функционалдығын пайдалану контекстінде оқу үдерісінде пікірсайыстың жеке құрамдас бөліктерін жобалау;

4) педагогтердің біліктілігін арттыру процесінде пікірталастың педагогикалық принциптерін қолдану;

5) тыңдаушыларға әдістемелік және практикалық көмек көрсету.

15. Күтілетін нәтижелер. Курс соңында білім беру ұйымдарының педагогтері мен бейін бойынша мамандардың білімдері жаңартылады және кәсіби құзыреттілік дағдылары жетілдіріледі. Тыңдаушылар:

1) біледі:

білім беру ұйымдарының қызметтерін реттейтін заңнамалық және нормативтік құқықтық негіздерін;

қазіргі жастардың әлеуметтік және психологиялық дамуының ерекшеліктерін;

өз пікірін қорғау, манипуляцияларға қарсы тұру және басқаларды сендіру әдістерін;

пікірсайыс ережелері, пікірсайыстың негізгі форматтары, спикерлердің рөлдерін;

пікірсайыс шеңберін, іс құрылымын, дәлелдеу және қарсы аргумент стратегияларын қалай тиімді орнатуға болады;

көпшілік алдында сөйлеуді дайындау әдістері;

2) меңгереді:

пікірсайысты өзін-өзі жетілдіру, күшті тұлға болу тәсілі ретінде қолдану;

пікірсайыс арқылы коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастырудың эксперименттік моделін іске асыруды;

білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқытуды ұйымдастыру әдістемесін және педагогикалық стильде тұлғаға бағытталған тәсілді практикада қолдануды;

білім беру ұйымдарында қарым-қатынас және тұлғааралық қарым-қатынас дағдыларын, педагогикалық өзара іс-қимыл ерекшеліктерін қолдануды;

өз пікірін қорғауды, өз көзқарасын дәлелдеуді, манипуляцияларға қарсы тұруды және басқаларды сендіруді;

білім беру ұйымының мүмкіндіктерін инновациялық модель және ресурстық орталық ретінде пайдалануды;

білім берудің жаңа буын бағдарламаларын қолдануды;

3) дағдыланады:

педагогикалық технология – дебатты коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру құралы ретінде пайдалануды;

дебат клубының қатысушыларымен әр түрлі тақырыптарға мазмұнды пікірталас жүргізе білуді;

көпшілік алдында сөйлеу техникасымен;

оқу-тәрбие процесін басқару әдістемесінің негіздерімен.

16. Бағдарламаның практикалық маңыздылығы – оқыту нәтижелері педагогтерге оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау, дәлелдеу және көпшілік алдында сөйлеу дағдыларын дамытуға көмектеседі, бұл сенімді және құзыретті коммуникаторларды қалыптастыруға ықпал етеді. Бұл өз кезегінде оқу үдерісінің сапасына оң әсерін тигізіп, оқу ортасында өзара әрекеттесу деңгейін арттырады.

5-бөлім. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

17. Бағдарламаның құрылымы:

- 1) жалпы ережелер;
- 2) глоссарий;
- 3) Бағдарлама тақырыбы;
- 4) Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері;
- 5) Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны;
- 6) оқу процесін ұйымдастыру;
- 7) Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету;
- 8) оқыту нәтижелерін бағалау;
- 9) курстан кейінгі қолдау көрсету;
- 10) негізгі және қосымша әдебиеттер тізбесі.

18. Теориялық және практикалық сағаттар санын көрсете отырып, ұзақтығы 80 академиялық сағат болатын бағдарлама жоспары.

№	Модульдер	Сағаттар	Теория	Практика
1	Нормативтік құқықтық модуль			
1.1	Кіріспе. Білім беру ұйымдарының қызметін реттеудің заңнамалық және нормативтік құқықтық негіздері	2	2	0
2	Психологиялық-педагогикалық модуль			
2.1	Қазіргі жастардың әлеуметтік және психологиялық дамуының ерекшеліктері	2	2	0
2.2	Өз пікірін қорғау, манипуляцияларға қарсы тұру және басқаларды сендіру қабілеті. Тренинг	4	0	4
3	Теориялық-технологиялық модуль			
3.1	Пікірсайыс және өзін-өзі жетілдіру: мықты тұлға болу жолы	2	2	0
3.2	Пікірсайыс ережелері. Пікірталастың негізгі форматтары. Спикерлердің рөлдері	6	2	4
3.3	Пікірталас арқылы біліктілікті арттыру процесінде педагогтердің	4	2	2

	коммуникативтік қалыптастырудың моделін іске асыру	құзыреттілігін эксперименттік			
4	Практикаға бағдарланған модуль				
4.1	Пікірсайыс өнері: қарарлар және олардың түрлері	6	2	4	
4.2	Кейс структурасы	4	2	2	
4.3	Стратегиялық фрейминг: пікірсайыс шеңберін қалай тиімді орнатуға болады	4	2	2	
4.4	Аргументация стратегиясы	6	2	4	
4.5	Контраргументация	6	2	4	
4.6	Аналитика сөзі: ұтымды пікірсайыс үшін негізгі салыстырулар	6	2	4	
4.7	Мини-пікірсайыс: берілген қарар бойынша ойын, талқылау	6	0	6	
4.8	Көпшілік алдында сөйлеу техникалары. Көпшілік алдында сөз сөйлеуге дайындық	4	2	2	
4.9	Фактчекинг	4	2	2	
4.10	Турнирге дайындық	4	2	2	
4.11	Пікірсайыстағы төрешілік	8	4	4	
4.12	Жобаларды қорғау	2	0	2	
	Барлық академиялық сағаттар саны	80	32	48	

19. Теориялық және практикалық сағаттардың санын көрсете отырып, 40 академиялық сағатқа созылатын бағдарлама жоспары.

№	Модульдер	Сағаттар	Теория	Практика
1	Нормативтік құқықтық модуль			
1.1	Кіріспе. Білім беру ұйымдарының қызметін реттеудің заңнамалық және нормативтік құқықтық негіздері	2	2	0
2	Психологиялық-педагогикалық модуль			
2.1	Қазіргі жастардың әлеуметтік және психологиялық дамуының ерекшеліктері	2	2	0
3	Теориялық-технологиялық модуль			
3.1	Пікірсайыс және өзін-өзі жетілдіру: мықты тұлға болу жолы	2	2	0
3.2	Пікірсайыс ережелері. Пікірталастың негізгі форматтары. Спикерлердің рөлдері	4	2	2
4	Практикаға бағдарланған модуль			
4.1	Пікірсайыс өнері: қарарлар және олардың түрлері	4	2	2
4.2	Кейс структурасы	4	2	2

4.3	Стратегиялық фрейминг: пікірсайыс шеңберін қалай тиімді орнатуға болады	4	2	2
4.4	Аргументация стратегиясы	4	2	2
4.5	Контраргументация	4	2	2
4.6	Аналитика сөзі: ұтымды пікірсайыс үшін негізгі салыстырулары	4	2	2
4.7	Пікірсайыстағы төрешілік	4	2	2
4.8	Жобаларды қорғау	2	0	2
	Барлық академиялық сағаттар саны	40	22	18

Ескерту: 1 академиялық сағат-45 минут.

20. Күтілетін нәтижелер педагогтердің кәсіби құзыреттерін кеңейтуге, балаларды әлеуметтендіруге және өзін-өзі дамытуға, өскелең ұрпақты қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеуге, сыни ойлауды, логиканы және сыни ойлау сияқты когнитивтік дағдыларды дамыту арқылы мәселелерді жүйелі түрде көруді дамытуға бағытталған бағдарламаның мақсаты мен міндеттерімен өзара байланысты.

6-бөлім. Білім беру үдерісін ұйымдастыру

21. Оқу процесін ұйымдастыру сабақтарды дәрісханалық және қашықтық нысандарында (онлайн), сондай-ақ тыңдаушылардың дербес жұмыс жасауын қарастырады. Сабақ кестесін құру кезінде қашықтан оқытудың онлайн және офлайн форматындағы ерекшелігі ескеріледі.

22. Курстың ұзақтығы – 80 немесе 40 академиялық сағат. Кесте құру кезінде ғылым мен педагогикалық технологиялардың жаңартуларын ескере отырып, бағдарлама тақырыбына өзгерістер енгізуге жол беріледі.

23. Курстың білім беру процесі оқытудың интерактивті нысандарын қамтиды: пікірсайыстар, тренингтер, шеберлік сыныптары, практикалық сабақтар, шығармашылық шеберханалар, мәселелерді бірлесіп шешу, жобаларды қорғау, тестілеу.

24. Бағдарлама дәстүрлі және инновациялық әдістерді қолдана отырып, мұғалімдердің шығармашылығын көрсету үшін қажетті жағдайларды ұсынады. Бағдарлама білім беру процесін заңнамалық және нормативтік құқықтық, ғылыми-зерттеу, бағдарламалық-әдістемелік, практикалық қамтамасыз ету бойынша теориялық және практикалық сабақтарды қамтиды және пікірсайыс қозғалысын дамыту жөніндегі іс-қимылдардың мақсаттылығын, тұтастығын және жүйелілігін қамтамасыз етуге арналған.

25. Курс тыңдаушыларының мақсатты тобы: директорлардың орынбасарлары, педагог-ұйымдастырушылар, пікірсайыс клубтарының жетекшілері мен жаттықтырушылары, білім беру ұйымдарының педагогтері мен бейіні бойынша мамандары.

7-бөлім. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету

26. Оқу-әдістемелік қамтамасыз ету – теориялық материалмен, оқу материалын игеру жөніндегі тапсырмалармен, оларды өзін-өзі бағалау өлшемдерімен ұсынылған бағдарламаны іске асыруға арналған дидактикалық материалдар.

27. Бағдарламаны іске асыруға арналған дидактикалық материалдар:

«Мектеп оқушылары мен студент жастардың дебат қозғалысы» жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасының тұжырымдамасы;

Қазақстандағы дебат қозғалысының даму тарихы туралы ақпарат;

білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында дебат турнирін өткізу ережелері;

дебат клубының қызметін ұйымдастыру ережелері;

жаттықтырушыға / оқытушыға / тьюторға, тыңдаушыға арналған әдістемелік ұсынымдар;

теориялық және практикалық сабақтардың материалдары;

білім, білік, дағдысын бақылау материалдары;

гlossарий (анықтамалық, сөздік);

таныстырылым және үлестірмелі материалдар;

практикалық сабақтың әдістемелік материалдары;

аудио, бейне және мультимедиялық материалдар;

негізгі, қосымша әдебиеттер ретінде тыңдаушыларға ұсынылатын оқу әдебиеттерінің тізбесі.

Оқу-әдістемелік кешендер басылым (кітаптар, кітапшалар) нұсқасында, электронды түрінде де қолданылуы мүмкін.

Курсты қашықтан өткізу кезінде теориялық және практикалық сабақтардың материалдары edu.ziyatker.org интернет платформасында орналастырылады.

28. Оқу-әдістемелік қамтамасыз ету Бағдарламаның модульдері бойынша іске асырылады:

1) нормативтік құқықтық модуль – Қазақстан Республикасының білім мәселелері бойынша заңнамалық және нормативтік құқықтық актілерін жаңартулар;

2) психологиялық-педагогикалық модуль – электрондық оқыту ресурстарымен (аудио, бейне материалдары, анимация және кескінмен сипаттау), тренингтің, практикалық сабақтың әдістемелік материалдары;

3) теориялық-технологиялық модуль – «Мектеп оқушылары мен студент жастардың дебаттық қозғалысы» жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасының тұжырымдамасы, оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыру бойынша бағдарламалар, дебаттарды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар, оқу-анықтамалық материалдар (гlossарий, анықтамалық, сөздік);

4) практикаға бағдарланған модуль – заманауи оқу-әдістемелік кешендердің, практикалық сабақтардың, шеберлік сыныптардың, тренингтердің,

таныстырылым материалдарының әзірлемелері.

29. Курс аяқталғаннан кейін тыңдаушылар алған білімдерін өзін өзі бағалау критерийі ретінде практикада қолдану туралы шығармашылық жобаларды қорғайтын болады.

8-бөлім. Оқыту нәтижелерін бағалау

30. Курс соңында дебаттар өткізу бойынша білім алушылармен жұмыста педагогтер мен бейіні бойынша мамандардың білімдерін толықтыру және кәсіби құзыреттілігінің дағдыларын жетілдіру қарастырылады.

31. Курстың білім беру үдерісінің соңында тыңдаушылардың білімдерін бақылау және бағалау мақсатында:

1) шығармашылық жобаны қорғау;

2) қорытынды тестілеу өткізіледі.

Білімді бағалау нәтижесінде максималды балл - 100, ең кемі – 50 балл.

Тест сұрақтарының жалпы саны – 20. Әрбір дұрыс жауап үшін 2 ұпай беріледі. Тест үшін барлығы – 40 балл. Тестілеудің шекті деңгейі – 20 балл.

Шығармашылық жобаны қорғау – 40 балл.

Қосымша ұпайлар:

Курсқа қатысу – 10 балл;

сабақ кезіндегі белсенділік – 10 балл.

32. Курстың қорытындысы бойынша тест тапсырмалары мыналарды білуге қатысты сұрақтарды қамтиды:

1) білім беру жүйесіндегі заңнамалық және нормативтік құқықтық актілерді;

2) қазіргі жастардың әлеуметтік және психологиялық дамуының ерекшеліктері;

3) дебаттарды өткізу ережелері мен тұжырымдамалары, дебаттардың негізгі форматтары;

4) аргумент стратегиялары және оларды теріске шығару;

5) көпшілік алдында сөз сөйлеу техникалары.

32. Курстың қорытындысы бойынша жобаның таныстырылымы оқыған модульдер бойынша зерттеу жұмыстарын жеке немесе топтық қорғауды қамтамасыз етеді.

34. Курсты іске асыру қорытындысы бойынша бақылау жұмысын бағалау өлшемдері:

«Сынақ» (тест: 50 пайыз және одан жоғары) – педагог және бейіні бойынша маман орындалған тапсырманың проблемалық саласын біледі, шешілетін проблеманың бастапқы себептерін түсінеді, тапсырманы орындау үшін білімдерін қолданады, проблеманы шешу үшін тәсілдерді (әдістер, құралдар, нысандар және тағы басқа) талдайды және жинақтайды, күнделікті практика проблемаларын шешу үшін тапсырманы орындау маңыздылығын бағалайды.

«Сынақтан өтпейді» (тест: 50 пайыздан төмен) – педагог және бейіні бойынша маман орындалған тапсырманың проблемалық саласын жеткіліксіз біледі, шешілетін проблеманың бастапқы себептерін түсінбейді, тапсырманы орындау үшін білімдерін қолданбайды, проблеманы шешу үшін тәсілдерді (әдістер, құралдар, нысандар және тағы басқа) талдай алмайды және жинақтай алмайды, күнделікті практика проблемаларын шешу үшін тапсырманы орындау маңыздылығын төмен бағалайды.

9-бөлім. Курстан кейінгі қолдау

35. Курс тыңдаушысының қызметін курстан кейінгі қолдау деп курстар шеңберінде алынған педагогтің кәсіби құзыреттілігін дамытуды, оған курстан кейінгі кезеңде әдістемелік және консультациялық көмек көрсетуді қамтамасыз ететін іс-шаралар жүйесін қамтитын арнайы ұйымдастырылған процесс жүргізіледі.

Бұл процестің нәтижесі педагогтің кәсіби тәжірибесін түсіну, теорияны практикаға енгізу, өзін-өзі дамытуды өзектендіру, кәсіби табыс, жеке даму болып табылады.

36. Педагогтерді курстан кейінгі қолдау курстан кейінгі кезеңде педагогтің кәсіби қызметінде сапалы өзгерістерге қол жеткізу үшін қашықтық форматта жүзеге асырылады.

37. Педагог қызметін курстан кейінгі қолдау жүргізу нысандарына мыналар жатады:

1) тыңдаушыларға олардың педагогикалық, зерттеу және рефлексивті қызметінде әдістемелік, консультациялық көмек көрсету;

2) педагогикалық және зерттеу қызметінің нәтижелерін жариялауды дайындауда консультациялық көмек көрсету;

3) педагогтердің кәсіби қоғамдастықтарының жұмысын ұйымдастыру және қолдау, оның ішінде тәжірибе алмасу жөніндегі іс-шараларды (байқаулар, жарыстар, конференциялар, семинарлар, вебинарлар, дөңгелек үстелдер және басқа да білім беру іс-шаралары) өткізу.

38. Курстан кейінгі сүйемелдеу және педагогтерге әдістемелік қолдау көрсету әдістері мен тәсілдері анықталды.

Курстан кейінгі қолдау педагогтің курстарда қалыптастырылған құзыреттерді дамыту жөніндегі қызмет жоспарын (бұдан әрі – жоспар) әзірлеу және орындау арқылы іске асырылады.

39. Курстан кейінгі қолдау білім беру ұйымының деңгейін, өңірлік деңгейлерді және республикалық деңгейді қамтиды.

40. Білім беру ұйымының әдістемелік бірлестігі (бұдан әрі – ӘБ) педагогке жоспар әзірлеуде көмек көрсетеді.

Бірінші кезеңде білім беру ұйымы деңгейінде іс-шаралар жоспарланады. Жоспар ӘБ-те талқыланады және оны ұйым басшысы бекітеді. Жоспар курстан

кейінгі қолдау шеңберінде балаларға қосымша білім беру бағыттарына сәйкес педагог тандау бойынша ашық сабақтар, шеберлік сыныптар, вебинарлар, семинарлар, байқаулар, жарыстар, тренингтер, жеке және топтық консультациялар, жарияланымдар және т.б. әзірлеу мен өткізуді қамтиды (кемінде 3 іс-шара).

41. Екінші кезеңде педагог жоспарды жүзеге асырады, ал ӘБ педагогті сүйемелдейді: жоспарланған іс-шараларды әзірлеу кезінде кеңес береді, оларға қатысады, жұмыстың рефлексиясын ұйымдастырады. Педагог әр іс-шара бойынша материалдарды әлеуметтік желілерде жариялайды.

42. Үшінші кезеңде педагог оқыту нәтижелерінің презентациясын педагог портфолиосын (немесе оның бөлімін), әдістемелік өнімді, әріптестерге арналған семинарды және т. б. ұсыну түрінде жүргізеді. Білім беру ұйымы деңгейіндегі іс-шараларды іске асырғаннан және оқыту нәтижелерін таныстырғаннан кейін ӘБ педагогке өз тәжірибесін ұйым деңгейінде дамытуды жалғастыруды немесе оны аудандық (қалалық), облыстық деңгейлерде ұсынуды ұсынуы мүмкін.

43. Ұйым деңгейінде өткізілген іс-шаралар оң нәтиже берген жағдайда педагог аудандық (қалалық), облыстық немесе республикалық деңгейдегі іс-шараларды жоспарлайды және іске асырады. Өңірлік ӘБ педагогке сөз сөйлеуге дайындалуға, практиканы ресімдеуге көмектеседі. Қажет болған жағдайда әдіскерлер педагогтің сабақтарына қатысады, онымен өзара әрекеттеседі, жұмыстың рефлексиясын ұйымдастырады.

44. Өңірлік деңгейде сәтті шығу, педагогикалық қоғамдастықтың практиканы қолдауы педагог тәжірибесін республикалық деңгейде таратуға, педагогті аудан (қала), облыс ӘБ-нің әдістемелік активіне қосуға мүмкіндік береді.

45. Республикалық деңгейде Курсты ұйымдастырушы жыл бойы курстан кейінгі әдістемелік қолдауды ұйымдастырады: педагогтердің республикалық вебинарларға, семинарларға, байқауларға, жарыстарға, конференцияларға қатысуы, оқу-әдістемелік материалдарды «Қосымша білім беру және тәрбие», журналында, www.ziyatker.org сайтында жариялауға таратылады.

46. Курстарда оқыған педагогтердің қызметін курстан кейінгі қолдау қорытындылары бойынша білім беру ұйымы курсты ұйымдастырушыға курстан кейінгі кезеңде педагогтің қызметі туралы жиынтық мәтіндік есепті жыл сайын бірінші жартыжылдықта 1 маусымға дейін, екінші жартыжылдықта 1 қазанға дейін жібереді.

10-бөлім. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізбесі

47. Курстың оқу үдерісін жүргізу барысында қолданылған негізгі және қосымша әдебиеттер:

1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі, орта,

техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы;

2) «Оқушылар мен студент жастардың дебаттық қозғалысы» жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасының тұжырымдамасы, ҚР БҒМ РҚББОӘО, 2021 ж.;

3) Қазақстандағы дебат қозғалысының даму тарихы туралы ақпарат, ҚР БҒМ РҚББОӘО, 2020 ж.;

4) Білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында дебаттық турнир өткізу ережесі, ҚР БҒМ РҚББОӘО, 2021 ж.;

5) Дебат клубының қызметін ұйымдастыру ережелері, ҚР БҒМ РҚББОӘО, 2021 ж.;

6) Жаттықтырушыға/педагогке/тьюторға, тыңдаушыға арналған әдістемелік ұсынымдар, ҚР БҒМ РҚББОӘО, 2021 ж.;

7) Қазақстанда дебаттық турнирлер ұйымдастыру. – Алматы: Раритет, 2019.

48. Курстың оқу процесінде қолданылатын қосымша әдебиеттер тізімі:

1) Дебатта қалай жеңуге болады: Британдық (Дүниежүзілік) парламенттік дебат форматы бойынша нұсқаулық / Стивен Л. Джонсон – Нью-Йорк, Лондон, Амстердам: IDEA, 2012 – 240 б.;

2) Пікірталас: философиялық және педагогикалық интерпретация: оқу құралы, Шамшулин А.А. / ред. Н.Б. Полякова. – Ижевск: «Удмуртский университет» баспа орталығы, 2020. – 64 б.;

3) Мектеп дебатының дүниежүзілік форматы бойынша әдістемелік құрал/ Саймон Куинн: [А.В. Меркурьева ағылшын тілінен аударған] – Нью-Йорк, Лондон, Амстердам: IDEA, 2013 – 226 б.;

4) Педагогтер мен оқушыларға арналған оқу құралы. Т.В.Светенко – 134;

5) Дебат бойынша нұсқаулық / Е. Дурас, Д. Куролова. – Ташкент: Baktria press, 2013.162 б.;

6) Британдық / Дүниежүзілік парламенттік форматта дебат жүргізу бойынша әдістемелік құрал / Нил Харви-Смит; [А.А. Беляева ағылшын тілінен аударған]. – Нью-Йорк, Лондон, Амстердам: IDEA, 2019. – 208 б.